


1 2006
6014К

ҚАЗІРГІ
ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫ

Әділғазы
Қайырбеков

Бортосталан







КАЗІРГІ
КАЗАК
ПОЭЗИЯСЫ

Әділғазы Қайырбеков

Бертостаған

Жыр кітабы



Алматы
“Жазушы”
2005

ББК 84 Қаз 7-5

К 23

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат жөне
спорт министрлігінің багдарламасы бойынша шыгарылды*

Қайырбеков Ә.

К 23 Бөртостаган. Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 192 бет.

ISBN 9965-701-45-8

Ақын, Халықаралық “Алаш” әдеби сыйлығының лауреаты Әділғазы Қайырбековтің “Бөртостаган” атты бүл лирикалық жыр кітабына енген өлеңдер тәуелсіздікті тұғыр тұтқан замандастарымыздың арман-аңсарын, мұрат-мақсатын айшықты жеткізеді. Ақынның махаббат лирикасында сезім толқындарының, жүрек сырларының нәзік лүпілі бар. Ұлттық рухты асқақтатып, ұлттық наимысты қайрап, ұлттық мұддені қорғайтын ақын жырларының ішкі қуаты мол, оқырмандарын ашық сырласуға шақырады, көркемдік кестесімен баурайды.

К $\frac{4702250202}{402(05)-05}$


ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-701-45-8

© “Жазушы” баспасы, 2005

Бірінші бәлім

*Шамысқ, пеш түсі,
арасы*



* * *

Тұмасы мен тұғылын артық көргем,
Туған жерге туғанмын тартып мен де.
Құлазысам Ай қала, Күн қалада,
Құс боп үшқым келеді Барқытбелге.

Сөздің майын жұтсам да шалқып төрде,
Сағынышты қайтемін сарқып берген.
Сыймағанда Ай қала, Күн қалаға,
Жел боп жеткім келеді Барқытбелге.

Аққу-қаздар жұзеді қалқып көлде,
Қайда басы қалмаған қаңғып пенде.
Адасқанша Ай қала, Күн қалада,
Тас боп жатқым келеді Барқытбелде.

ҒАЛАМШАРДЫҢ БІР НҮКТЕСІ КИЕЛІ

Көшіп-қонып жүрсем-дағы біріктім,
Қорған соғып, қала салып, тас үйдім.
Түркістанда – Рухымды тірілтім,
Түркістанда – Бабаларға бас идім.

Одан бері жылдар өткен ерен көп,
Ағыттың-ау талай сырды түйіп кел.
Түркістанда – Тамырларым тереңдеп,
Түркістанда – Тұғырларым биіктеп.

Фасырлардың жел-дауылы үдеген,
Ғаламшардың бір нүктесі киелі.
Түркістанда – Әулиелер түнеген,
Түркістанда – Әйгілілер сүйегі.

Осы тұста орны Оғыз орданың,
Оған бүгін қараймын тек елжіреп.
Түркістанда – Тоғысады жолдарым,
Түркістанда – Тармақталып шежіре.

Тарих болып тарау-тарау қалды аңыз,
Осыдан соң оба емес, ой қазам...

Түркістанда – Тасқа тұсken таңбамыз,
Түркістанда – Таң қалдырыған Тайқазан.

Тау мен дала тұсімізге кіреді,
Қазақ елін аймаласын таң нұры.
Түркістанда – Тұбі бірдің тірегі,
Түркістанда – Тар өткелім, тағдырым.

Көне қала айшықтарын келтіріп,
Тыныстыңды қайта түлеп жер ғажап.
Түркістанда – Туып-өсіп Ер Түрік,
Түркістанда – Туын тіккен Ер қазақ!

ТАҒЗЫМ ЖЫРЫ

Дулат Бабатайұлының рухына

Ұлыс қамын ойласа,
Ұлы іске сайланған.
Ұрпақ қамын ойласа,
Бас бармағы шайналған.
Ұлттың қамын ойласа,
“Ұйқы беріп, қайғы алған”.
Ұлан-байтақ даласын,
Шарқ ұрып, шыр айналған.
Ұлық міnez заманның,
Қазығына байланған...
Қайран, Дулат бабамыз!

Ортекедей ойнаған
Омақасып ұлы арман!
Оңы-солын қарманып,
Шықсам ба деп мұнардан.
Алыс қалып азат күн,
Айды аспанға шығарған,
Қасіретке хабаршы
Қарашекпен шұбалған.
Откен өмір секілді
Өлімсіреп шырағдан...
Өлеңіне өксік пен

Заман зары сұранған...
Қайран, Дулат бабамыз!
Ақжайлау мен Сандықтас,
Хош-аман деп, хош-аман.
Біржолата түнгіліп,
Бозбаладан бошалаң.
Жабысты деп балаққа
Жаманұқ боп ошаған.
Патшасына орыстың
Бәрін беріп қоныстың,
Бұзылды деп босаған,
Сонда көнілі босаған,
Қайран, Дулат бабамыз!

Ағыл-тегіл жырлары
Аяқездей арынды.
Тарбагатай тауынан
Тартқан көне сарынды.
“Ақтан жас!” деп аһ ұрып,
Жүргі қақ жарылды.
Жырға қосты жылаған,
Қазақ, сенің халінді.
Қара бұлтқа айналды,
Қасынан кім табылды!?
Қайран, Дулат бабамыз!

Ақиқатты айтар сол
Қызыл тілді кім кескен.
Ақын ғана ашынып,
Тәнірімен тілдескен.
Исатайдан айрылған
Махамбетпен үндерескен!
Бірін-бірі білместен,
Мұратымен бірлескен.
Арқалатқан аманат —
Бүйтіп өмір сүрмеске!..
Қайран, Дулат бабамыз!

Ұлағат сөзін ұқсаңыз
Үстазындей Абайдың.

Алты алашта ақын көп,
Абайға бөлек қараймын!
Ар жағында Дулат тұр,
“Заман-ай!” деп зар шегіп,
Мұңын қозғап талайдың.
Ұлы Тұран жұртында
Алласпанға балаймын.
Ар тұтуға жараймын,
Қайран, Дулат бабамыз!

Сарыарқаның самалы —
Ызырық емес, саумал-ды.
Ұрса да дауыл алапат
Ұрпағың, міне, сау қалды.
Берсек те бәрін — мал-жанды,
Бүйрықты ғұмыр — болжалды.
Ұзілген үміт жалғанды,
Өзіңе дүғам арналды.
Тәуелсіз елің қаз тұрды,
Тірлікте мынау аз күндік,
Төу еттік келіп басыңа,
Қайран, Дулат бабамыз!

РУХТЫ ОЯТҚАН ТЕКТІ ӨЛЕҢ

Махамбеттің жырлары —
Көк теңіздің арыстан жал толқындары.
Ол буырқанғанда теңіз теңселді,
Жер солқылдады.
Махамбеттің жырлары —
Азаттық аңсаған ата-бабамың өр үні,
Елеске айналып, көз ұшынан көрініп,
Көне де күндерден бүгінге жеткен ыза-kek —
Көзіндегі от көк бәрінің.

Махамбеттің жырлары —
Мәңгілік күрестің, женістің байрағы,
Шарболат намысымның қайрағы,
Намысымның наизагайы ойнағанда,
Жауларым қоғадай жапырылып, жайрады.

Махамбеттің жырлары –
Ноқтаға басы сыймаған ұлы арман,
Қазақтың азаттық аңсарынан құралған.
Томағасын сыптырған тас түлек
Бұғауды үзіп, бостандыққа шығарған.
Махамбеттің жырлары –
Сақтардан, ғұндардан сақталған сыбаға,
Ереуіл жылдарда ерлерді сынаған,
Ездікке, құлдыққа көнбейтін ер қайрат,
Тепсініп теңдік пен
Ақырып азаттық сұраған!

Махамбеттің жырлары –
Қызығыш құс –
Қысастық қысса да көлінен кетпеген,
Қатепті қара нар –
Тізесі дірілдеп шөкпеген.
Түркілік от жігер қанында ойнаған,
Рухты оятқан қазақы текті өлең!

АҚБОЗ АТ МІНГЕН МАЙДАНГЕР

Әкем Жаңылықтың рухына

Жарты ғасырдан асыпты,
Күркіреп сұрапыл соғыс өткелі.
Қазақ қашаннан азат күнге асықты.
Жиырма бірінші ғасырдың алғашқы көктемі,
Бейбіт таң Шығысты нұрға бөледі,
Әне, шыққан Күннің астында,

Басынан және қолынан
жаралы болған майданда,
Қарулас достары есіне түскенде
қатты қабарып, қайғы алған,
“Олардың рухтары
Тұған жерге қайтып оралатын
Жыл құстарына айналған” деп,
Көктемді күтетін зарыға.
Қара суға семіріп, қызыл сөзге арыған!
Қымбат нәрсе жоқ дейтін адам үшін арынан!
Менің майдангер әкемді
корген адам бірден таныған.
Ол – қайрақ еді қазақтың намысын жаныған,
Кеудеде бір ғана медалі болса да,
бір орден...
Қаһарман еді ғой елеусіз,
Майдангер әкемді сағынам!
Тағы да есіме түседі
еткен күн, жыл ескі,
Жаралы жауынгер Бейбіт өмірде де күресті.
Мандай тер тамшылап,
еңбектен іздеді несібе,
Бірақ та бір медаль таққан жоқ төсіне.
Тағы да түседі есіме:
Ұстара ұстатьп қолыма:
“Ал, ұлым, алып бер шашымды!” – дейтін ол .
Сынай ма?!
Шаш алу дейтүғын шаруа оп-оңай былай да,
Ал мені бөгейтін тұзақ бар:
Әкемнің басында —
оқ ізі қалдырған бір терең сызат бар,
Сол сызат астында мый да бар,
сондай-ақ мина бар секілді,
Айналып өтемін оқ ізі қалдырған “жыраны”.
Мен бірде әкемнен сұрадым:
“Сіз, сірә, соғыста,
жалаңбас жүргенсіз ғой деймін?..”
Өзім де кейде бір жауапсыз сөйлеймін!
Ол “Иә!” деді де,
бетіме қарады. Құлмеді.

Майдангер жүргөн ауыртты-ау
сұрағым бүл менің...
Бейбіт таң тағы да Шығысты нұрына бөледі,
Өне, алау Құннің астында
ақбоз ат мініп,
Менің майдангер әкем келеді!..

ЫРҒЫЗБАЙ АТА

(1787—1850)

Шапағатың елге тиген, халыққа,
Ем-дом жасап сырқаттарға
жалақпай.
Әулием деп өз тұтады ұрпағың,
Қасиетінді
қасіретті жан үққан.

Тарбағатай тасын,
шебін таныған,
Қымбат санап
қасқалдақтың қанынан.
Дертке дәру дәрі шөпті тапқанша,
Тыным, маза бермегенсің жанына!

Кара бастың қамы емес —
мұратың,
Даңқың асып,
дәуірлеп-ақ тұратын.
Құнанбайын емдемесең қазақтың,
Қайдан туар Абай сынды ұлы ақын!

Төу етеді басына кеп мың ғаріп,
Бір Алланың құлақkestі құлдары.
Өйткені өзің мұңын ұқтың зарлының,
Қыздырмаға мойыныңды бүрмадың.

Жас та кәрі
басыңа кеп түнеген,
Айығады сырқатынан үдеген.
Жыл бойына үзілмейді жолаушы,

Жапа шеккен,
жабырқаған,
жүдеген....

Атың бүгін айналды ғой аңызға,
Қашшама жан болды саған қарыздар.
Жырға орап жеткіземін дұғамды —
Жалғыз тамшы көк теңізге тамызған.

ТАРАЗ

Тасқа жазған тарихымның бір тарауы Таразда,
Аңырақай жел жеткізген тебірентіп жыр-аңыз.
Рухымды тірліттім де
таңбаладым қағазға,
Артық бір сез қосқаным жок,
Тарих-шалдан сұраңыз.
Зуылдаған Уақыт та басын иген сабазға...

Талас-Ассы қойнауынан қыш-құмыра табылған,
Анау Қытай, Үндістанның,
Византия, Парсының,
Ресейдің көпестері ары-бері ағылған,
Ат байлар тұс. Дауысына құлақ түріп жаршының,
Замананың өкпек желі үйтқи соғып, қағынған.

“Та-Ло-Се” деп қытай жазып қалдырыпты
бір дерек,
Арғы бабам Сақ пен Үйсін мекендереген бұл қала.
Рөуішті сарай салып,
шахристан гүлдемек,
Айбынымен қорған болып патшаға да, құлға да.
Запыраны, зар-мұңы да
тасты жарып жүлгелеп...

Түріктердің түмендері
түйістіріп тәстерін,
Айша-Бибі ай сырғасын лақтырыпты аспанға.
Рабат бақ жұпар исі бұлт болып көшкенін,
Айтып-айтпай неге керек, мейманасы тасқанға,
Зырылдаған үршықтың да үн-ырғағы өшкенін...

Тұйықталған Жібек жолы
Таразға кеп қыр асқан,
Арғы-бергі шежірге қызықпайтын жастар аз.
Рух пен Тіл,
Діл менен Нұр үласқан,
Асқақтасын даңқың сенің,
көне Тараз – жас Тараз,
Зарықтырып, сағындырып, сүйіндіріп
сыр ашқан!

НАМЫС НАЙЗАҒАЙЫ

Нұртай Сабиляновқа

Ерліктерді зерделеген жұрт ойға,
Перде бола алмайды ғой бұлт Айға.
Жас пен кәрі қайран қалып қараған
Желтоқсанда жалындаған Нұртайға.

Алмасса да бір қуаныш, бір қайғы,
Жеткіншектер Ерлік жырын шырқайды.
Өр Намыстың наизагайы деп білем,
Желтоқсанда жарқылдаған Нұртайды.

Топ ішінде тұлпар болар бір тайың,
Тілекtes боп ұланыңа жүр дәйім.
Желбіреткен намысыңың жалауын –
Желтоқсанның қаһарманы Нұртайың!

АСТАНАДА

Бас қалаға бастайтұғын жол қанша,
Соқыр соқпақ адастырған болған шақ.
Астананың ашық екен ажары,
Ақмоладай емес қала қорғаншақ.

Астанада банк те бар, парк бар,
Қиялының қыран құстай қалықтар.
Тұнгі қала тартады екен қойнына,
Сан алмасып қызыл-жасыл жарықтар.

Астанада театр бар, холл да бар,
Теле-радио таратады мол хабар.
Көшелерде көбейіпті қарасы,
Мерседестер, маздалар мен хондалар.

Астанада қонақ үй көп, пошта бар,
Дос құшақта көңілініз хош табар.
Келіп жатыр алыс-жақын ағайын,
Көрік беріп керуенді көшке нар.

Астанада Президент бар, әкім бар,
Министр көп, аздау екен ақындар.
Ақындарын әкімдері сыйласа,
Жақсы-жақсы күндер сонда жақындар.

Астанада мұз қала бар, қыз бала,
Қарайсың-ай, қызыға да, қызғана.
Қалың қазақ көшіп келіп алыпты,
Алматыны қимай жүрген бізғана.

Нұр-қаланың шынында да бағы бар,
Есіл-сынды ерке өзені тағы бар.
Айт та айтпа, бір Алатау жетпей тұр,
Ал басқасы Астанадан табылар.

Астанада білім, ғылым ордасы,
Қарауында қалың әскер – қолбасы...
Ақпанда да шуақ шашқан Астана,
Асқақтай бер, Алла жар боп, қолдасын.

Қарсы ал мені, шығарып сал, Астана,
Алыстасам – айбарым сен басқаға.
Сарыарқаның ақ бораны аймалап,
Ақ жауыны шомылдырған жас қала!

* * *

Қазан. Құзде жол түсті Қызылжарға,
Қайың сыңсып өн салды, қол бүлғады.
Үмітімді алып ем үзіп-жалғап,
Үмытылмай қалыпты сол күн мәңгі.

Қаңтар – қыста жол түсті Қызылжарға,
Қайтем енді, ақ қарды омбыладым.
Орманға барған, қайтқан ізім қалған,
Ор қоянның көргенмін орғығанын ...

Сөүір – Көктем жол түсті Қызылжарға,
Сағ самалы лекітіп, үйқым сергек.
Көшкен сендей Есілде, бұзып-жарған,
Бара жатты кеудемді бір күй кернеп.

Маусым – Жазда жол түсті Қызылжарға,
Қауышатын күн болсын, қалқам, аман!
Құшағына тартады қызық жалған,
Саған деген сағыныш тарқамаған...

* * *

Қашан білдік қадірін қолда бардың,
Дала ұлын баурайды орман әні.
Орнағалы нарықтың өктемдігі,
Көп жыл өтті ауылға бармағалы...

Жол түспеді ауылға шалғайдағы,
Таңдайда қап айран, сүт, балқаймағы.
Сор қайнады қалада тұтін жұтып,
Сапар шегіп қыырға әр қайдағы.

Ауыл десе, шер кеуде aһ үрады,
Сағым көшкен сары бел шақырады.
Сары күзде тоналған теректеймін,
Желге ұшып жанымның жапырағы.

Ауыл – әнім еді ғой, ауыл – әнім,
Ауыл десе, қазір-ақ, ауырамын.
Алып-ұшып, аптығып, жетсем деп ем,
Ат басындей алтынды тауып алып...

Тимеген соң ауылға бір көмегім,
Іштен тынып, қыстығып жүрген едім...
Ауыл десе, ашиды кеуде тұсым,
Ауыл десе, қонады іргеме мұң...

* * *

Шара жоқ шатқаяқтап, шегінбеске,
Шақ қой бұл үміт өшіп, сенім көшкен.
Арызымды тәгейін ақ қағазға,
Азабымды, басымнан менің кешкен.

Сөздің құны түсіп тұр, сөздің құны,
Нарық келді дегенде-ақ сездім мұны.
Сақалын да саудаға салғандармен
Сахараның сандалып кездім құмын...

* * *

Қу тірліктің адасып мұнарында,
Тарқамастай көрінер құмарың да.
Құлағынан кетпейтін бір әуен бар
Қуат берер өмірдің сынағында.

Күш құятын ерекше, дем беретін,
Қындықты қаңбақтай өңгеретін.
Фажап сәттің өлшемі – сол бір әуен,
Ештеңе жоқ тек соған тең келетін.

Үілдеген үн шығар нар қамыстан,
Айғай шығар бір аңы ар-намыстан.
Аспан жаққа көтеріп әкетеді
Биік тұрар бір әуен жанбағыстан!..

ОР БАСЫНДА

Жауды қайдан табасың?
Дәл қасындан.
Танымайсың маңдайда таңбасынан,
Жар басында тұрғанда жалт береді,
Жандайшаптар жанында жорғасынған.

Жауды қайдан табасың?
Дәл іргеден,
Туыс деген,
дос деген, тамыр деген.

Өзекжарды өлең ғой – сол мәңгілік,
Өлшенбейді өткелек өмірменен.

Жауды қайдан табасың?
Ор басында.
Қарғасын да арбасын, алдасын да...
Ақындарың өледі — аярлықтан,
Батырларың – бір оқтық қорғасыннан...

* * *

Ойларымның өркеші үстем, биік,
Қанаты бар, аспаннан тұскен киік!
Отыр, сірә, бір досым сырттай сынап,
Отыр, сірә, бір жауым іштен күйіп.

Ойларымның жалынан үсташа қайда,
Ұстадым деп біреулер тұспалдай ма.
Қазынаны қопара ашқандай да,
Құзарларда қаусыра құшқандай да.

Ойларымның қорқамын тереңінен,
Адамдардың сескенем керенінен.
Өзімді өзім ұмытып, өзгені де,
Неге жылап отырмын, неге күлем?!

* * *

Сағыныштың дауасын табайын ба,
Шаш ағарды ақыры самайымда.
Алыстағы сөкпесін адасқанды,
Ауылдағы, сәлем айт, ағайынға!

Тұғыр болған талай қыз, талай ұлға,
Бір көрсем деп өзенін, тоғайын да.
Аңсауменен жүргенде жылдар акты,
Ауылдағы, сәлем айт, ағайынға!

Кек жазықта мал өріп маңайында,
Ажарланып ақ таңың арайында,
Берекесін қайтадан тапқан шығар,
Ауылдағы, сәлем айт, ағайынға!

* * *

Әне бір бекет, белеске,
Жеткенше ғана жол даңғыл...
Дүние – жалған емес пе,
Өткерген ғұмыр – солған гүл.

Сонау бір көкшіл сыйыққа
Сіңер-ау соқыр соқпағын.
Қызылың онып қызықкан,
Табарсың тірлік тоқтамын.

Мына бір жасыл желектер,
Бұрымын бүйра тарап жел.
Көбелек құған желөкпе
Белгілі бізге барап жер...

БАЛ АШТЫРУ

Әмір үқсан тұманға,
Көңіл толды күмәнға.
“Болам ба, – деп, – бақытты?” –
Бал аштырдым сығанға.

Сыған кемпір сырғалы,
Сонда тамақ қырнады.
Санамалай жөнелді
Ненің күтіп түрғанын.

Сыған көзін қысады,
Даламның кең құшағы.
Текті ата-бабамнан
Жүреді екем күш алыш!

Сыған қабақ түйеді,
Ақ таяққа сүйеніп.
Бойымдағы борышым –
Сақтай алсам киені!
Жолға жиі шығамын,
Берік төзім, шыдамым.
Көрем өмір қызығын
Сөнгенінше шырағым.

Оқ қағарым тағы бар,
Дос, дүшпаным табылар.
Толқымалы мінезім –
Тез жанып, тез жалығар!

Өліп-өшіп сүйгенмін,
Суынғанмын, күйгенмін...
Өзгелердей өлшеммен
Өмір сұруді үйрендім!

Анашым бар аландар,
Қос қанатым – балам бар.
Мені баурап алатын
Бір сиқырлы ғалам бар!

Алда жүрер жол қанша?
Тоқсанға жас толғанша!
Өмірсерік қара қызы –
Қара кемпір болғанша!

Тасып жүрген “бәрене”,
Құмырсқаны бөгеме.
Баста тұрса дәуренің,
Дәulet деген немене?!

Өмір екі келе ме,
Қындықты елеме.
Баста тұрса дәуренің,
Байлық деген немене!?

Шүкіршілік бұған да,
Серпіледі тұман да...
...Дем берер деп осылай
Бал аштырдым сығанға!...

* * *

Дүние жасыл еді, көркем еді,
Өртеп еді махабbat ерте мені...
Кеудемде от орнында құлі қалып,
Үңгірім үңгірейіп шер төгеді.

Дүние шуақ еді, нұрлы еді,
Маңайым неге бүгін дүрлігеді?!

Жоғалтып ап сұлулық сынықтарын,
Бір күйде дүдемалдау тұрмын енді.

Дүние қызық еді, думан еді,
Қиялым қолжетпесті қуған еді.
Шелекті түбі тесік қайтсем екен,
Жетістім неменеге, суға келіп?!

* * *

Жылдар емес, барады ғасыр қалып,
Қартаймайтын сол жүрек асыл ғаріп.
Ағаштарда бүршіктер басын жарып,
Дүдемалдау жүргенде көктем келіп,
Дүние бара жатты жасылданып...

Жылдар емес, барады жастық қалып,
Жуасызық десек те бастықладық.
Асуладардан аптығып астық нағып,
Қадамыңды тұрғандай қастық бағып,
Құралайдың көзінде... жасты ұқпадық!..

* * *

Кедергілер жатсын мейлі қөлденен,
Өрге қарай өршеленіп өрлегем.
Мен – ұлыңмын, құлыныңмын, туған ел,
Мейірімге, махаббатқа шөлдеген.

Сенен алдым бойға – қуат, ойға – нәр,
Қойнауында қазына бар, қойма бар.
Сен – Отаным, мен – ботаңмын, туған ел,
Бауырында бар қуаныш тойланар.

Тек өзіңмен көгерем де көктеймін,
Сені тастап шетке көпке кетпеймін.
Туған жерге кіндігімнен байландым,
Туған елсіз еш мұратқа жетпеймін!

* * *

Байбатша санаса ма байғұспенен,
Тіршілік қамкөнілге қайғы үстеген.

Сондайда іштегі шер сыртқа шығар
Қан майдан сөз сайысы — айтыспенен.

Айтыста айқындалар ақ пен қара.
Бір ауыз сөзге сыйып бақ пен нала:
Қаралап қара бастың құлқын құлышын,
Саралап ақтанкерді көптен дара.

Бұл айтыс санаға сын, арға да сын,
Бұл айтыс, жоққа да сын, барға да сын.
Қарадай күйіп-пісіп, толғанасың,
Қырандай қанат бітіп қомданасың.

Айтқанда ақиқатты арман бар ма,
Байтақ ел тілек қосып тарландарға,
Айтыста шындық женіп, жалған күйреп,
Әділет қол созса деп қарманғанға.

Аламан айтысқа тек қазақ шыдар,
Апыр-ай, сөзбен ойнау азап шығар.
Айтыскер қағыс айтса тап бередей
Қанжарын жалаңдатқан қарақшылар.

Айтыстың шарты қатал, серті мықты,
Елінің есіл жүрек еркін үқты.
Саудаға өтіріктің бөркін салып,
Тәубага имансызды келтірілті...

Түсінген тілдің құнын, сөздің парқын,
Айырған алтын менен жездің нарқын,
Айтыста айбоздарды айқастырып,
Сөксө де қабырганды төздің, халқым.

Жарқылдап өлең сөздің алдаспаны,
Жарасты баба дәстүр жалғасқаны.
Тұтасып қара ормандай тілекші бол
Қашан да, қайран менің, қандастарым!

Бұл айтыс — өлең сөздің өрлегені,
Өлең сөз, өлгенимше тербе мені.
Ақынын ардақ тұтқан дәл осылай
Әлемде ешбір елді көрмеп едім!